

## Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу пункттерінде мемлекеттік кедендік бақылау жасаудың тәртібі туралы НҰСҚАУ

### ***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстан Республикасының Кеден комитеті 1996 жылғы 8 сәуір N 77-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 12 шілдеде N 182 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2001.02.15. N 50 бұйрығымен. ~V011448

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығына Z952368\_, дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өтетін тауарларға, валютага және жеке тұлғалардың заттарына кедендік бақылауды жүзеге асыруды реттеу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1440 Р951440\_ Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарларды, оның ішінде көлік құралдарын да өткізуінің тәртібі туралы" қаулысын орындау мақсатында

бұйрық етемін:

1. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу пункттерінде мемлекеттік кедендік бақылау жасаудың тәртібі туралы нұсқау бекітілсін және 1996 жылдың 10 сәуірінен бастап күшіне ендірілсін.

2. Аталған Нұсқауға сәйкес Қазақстан Республикасына келетін және Қазақстан Республикасынан кететін жеке тұлғаларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеу қамтамасыз етілсін, кедендік бақылаудың залдары көрнекі ақпараттық материалдармен қамтамасыз етілсін.

3. Жергілікті құқық қорғау органдары "кедендік бақылау аймақтарының" шекаралары туралы хабардар етілсін.

4. Қазақстан Республикасы Кеден Комитетінің 1996 жылғы 16 акпандығы N 35-П бұйрығының күші жойылған болып танылсын.

5. Бұйрықтың орындалуына жауапкершілік облыстық кеден басқармалары бастықтары мен кедендердің бастықтарына жүктелсін.

6. Бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Кеден Комитеті Төрағасының орынбасары В.В.Шклярға жүктелсін.

Төрағаның міндеттін атқарушы

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу  
пункттерінде мемлекеттік кедендік бақылау жасаудың  
тәртібі туралы  
**НҰСҚАУ**

Қазақстан Республикасы Президентінің Зан күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығына, дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өтетін тауарларға, валютаға және жеке тұлғалардың заттарына кедендік бақылауды жүзеге асыруды реттеу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1440 Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарларды, оның ішінде көлік құралдарын да өткізуінің тәртібі туралы" қаулысын орындау мақсатында:

- I. "КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ АЙМАҚТАРЫ"
- II. "КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ НЫСАНДАРЫ"
- а) "VIP" кедендік бақылауы"
- б) женілдетілген нысанмен, "кедендік бақылаудың женілдетілген жолымен" кеден шекарасынан өтетін жеке тұлғаларды кедендік бақылау;
- в) кедендік бақылаудың толық нысанымен, "кедендік бақылаудың толық жолымен" кеден шекарасынан өтетін жеке тұлғаларды кедендік бақылау белгіленеді.

### **КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ АЙМАҒЫ**

Ескерту: Бөлім алғыншыл тасталынды - Мемлекеттік кіріс министрлігі

Кеден комитетінің 1999 жылғы 3 қараша N 531-Б  
бүйрекшімен.

V990975\_

## КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ МЕН КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ НЫСАНДАРЫ

Кедендік бақылауды Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдары кеден мақсаттарына қажетті құжаттар мен мәліметтерді тексеру, тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу, кедендік жете тексеру, кеден бақылауының ерекше нысаны ретінде жеке тексеру, тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу, жеке тұлғалар мен лауазымды адамдар арасында ауызша сауалнама жүргізу, есепке алу мен есеп беру жүйесін тексеру, уақытша сақтау қоймаларының, кеден қоймаларының, еркін қоймалардың, еркін кеден аймақтары объектілерінің, бажсыз сауда дүкендерінің аумақтары мен үй-жайлары, кедендік бақылауға жататын тауарлар мен көлік құралдары болуы мүмкін, не Қазақстан Республикасы кеден органдарына бақылау жасау жүктелген қызмет жүзеге асырылатын басқа да орындарды тексеру нысанында және осы Жарлықпен Қазақстан Республикасының кеден ісі жөніндегі зандарында көзделген басқа да нысандарда жүзеге асырылады.

Кеден бақылауын жүргізген кезде адам өмірі мен денсаулығына, жануарлармен өсімдіктерге қауіпсіз және занды тұлғаларға, тауарларға, көлік құралдарына зиян келтірмейтін техникалық құралдар қолданылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу пункттерінде кіру мен шығу кезінде және Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзитпен өту кезінде жеке тұлғалар үшін кедендік бақылаудың төмендегідей нысандары белгіленсін.

### "VIP" КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенаты Төрағаларының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және олармен бір жүрген отбасы мүшелерінің жеке қол жүгі кеден тексеруіне жатпайды.

Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Төрағасының жеке қол жүгі, егер аталған тұлғалар Қазақстан

Республикасының кеден шекарасын өздерінің тиісті депутаттық немесе қызмет міндеттерін орындаумен байланысты өтетін болса, кеден тексеруінен босатылады.

Шетел мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі басшысының, өкілдіктің дипломатиялық жеке құрамы мүшелерінің, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің жеке қол жүгі, оның ішінде өздерінің пайдалануына арналмаған тауарлар немесе Қазақстан Республикасы кеден аумағы арқылы әкелінуінен, әкетілуі мен транзитпен өтуіне Қазақстан Республикасының зандарымен, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен тыйым салынған не карантиндік және өзге де арнайы ережелермен реттелетін тауарлар бар екеніне елеулі негіздер болмаған жағдайда кедендік тексеруден босатылады. Мұндай тексеру тек қана дипломатиялық агенттің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ғана жүргізілуі тиіс.

Қазақстан Республикасына келіссөздерге, халықаралық конференцияларға, кеңестерге қатысу үшін немесе басқа ресми тапсырмалармен келетін шетел мемлекеттерінің өкілдері, парламенттік және үкімет делегацияларының мүшелері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері ресми делегацияның тізімі бар болса, кедендік тексеруден босатылады. Тізім кеден шекарасынан өткеннен кейін бір тәулік ішінде ұсынылуы тиіс. Тізімде ресми делегацияның мүшелері, олардың азаматтығы мен сапарларының мақсаттары жөнінде мәліметтер болуы қажет. Тізім Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мөрімен қуәлендіріледі. СИМ-нің лауазымды адамы оған қол қояды, кеден органы бастығына беріледі.

VIP жолағымен жүретін жоғарыда аталған тұлғалар кеден шекарасынан Т-6 нысанындағы кеден декларациясын толтырмай-ақ өте алады. Уақытша әкелудің/әкетудің режимімен өткізілетін тауарлар мен заттар міндетті турде декларациялауға жатады.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін шетел мемлекеттерінің дипломатиялық почтасы мен консулдық сафдияна ашуға, ұстап қалуға да жатпайды. Консулдық сафдиянда төменгі бөлікте көрсетілмеген заттар бар деп есептеуге негіздер болған жағдайда Қазақстан Республикасының кеден органы Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды адамдарының қатысуымен ұсынушы мемлекеттің уәкілетті тұлғаларының сафдиянды ашуын талап етуге құқылды. Консулдық сафдиянды ашудан бас тартқан жағдайда сафдиян жөнелтілген жеріне қайтарылады.

Дипломатиялық почтада тек ресми пайдалануға арналған дипломатиялық құжаттар мен тауарлар, ал консулдық сафдиянда тек ресми пайдалануға арналған ресми хат-хабарлар мен құжаттар немесе тауарлар бола алады.

Дипломатиялық почта мен консулдық сафдиянды құрайтын барлық

орындарда олардың сипатын көрсететін көрнекі сыртқы белгілер болуы қажет.

Дипломатиялық және консулдық курьер оның мәртебесі мен дипломатиялық почтаны құрайтын орындардың саны көрсетілетін ресми құжатпен - "курьерлік парапен" қамтамасыз етіледі. Бұған уәкілеттілігі бар қызметкер құжатқа қол қояды және дипломатиялық почтаны жөнелтетін мекеменің мөрімен күәлендіреді .

Шетелдік дипломатиялық және консулдық курьерлер өздерінің жеке пайдалануына арналған тауарларды, Қазақстан Республикасы кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс тауарларды сақтау, кедендік ресімдеу үшін төлемдерді қоспағанда, кеден төлемдерінен босатыла отырып Қазақстан Республикасына әкеле және Қазақстан Республикасынан әкете алады.

Дипломатиялық поча осы дипломатиялық почтаны ғана тасымалдауға арналған ресми құжатпен (курьерлік парапен) қамтамасыз етілген уақытша дипломатиялық курьерге - ad hoc - сеніп тапсырылуы мүмкін. Уақытша дипломатиялық курьерге өздерінің міндеттерін орындау барысында дипломатиялық курьерлердің пайдаланатын жеңілдіктері мен иммунитеттері оған мақсатты дипломатиялық почтаны жеткізу сөтінде тоқтатылатын жағдайды қоспағанда Нұсқаудың осы тарауында көзделген кеден жеңілдіктері беріледі.

Ілеспелі дипломатиялық почтаны қарсы алатын немесе шығарып салатын дипломатиялық (консулдық) өкілдіктің қызметкерлерінің бір күнтізбелік жыл ішінде қолданылатын ұсынушыға тұрақты берілетін өткізу рұқсатымен ұшақжайының жазғы алаңына баруға құқысы бар.

## КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУДЫҢ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЫСАНЫ

Жеңілдетілген нысанмен Қазақстан Республикасы кеден шекарасынан өзімен бірге немесе алып жүретін қол жүгінде Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген нормалардан артық тауарлары мен валютасы болмайтын тұлғалар өткізіледі .

Кедендік бақылаудың жеңілдетілген нысанымен Қазақстан Республикасы кеден шекарасын кесіп өту жолағы "Кедендік бақылаудың жеңілдетілген жолағы " делініп белгіленсін. Осы жолақпен жүретін тұлғалар заттарын, валютасын, құндылықтарын, сонымен қатар жеке мақсаттарына өткізетін тауарларын мәлімдеп, Т-6 нысанындағы (Т-6-ны толтыру тәртібі N 5 қосымшасында келтірілген) кеден декларациясын толтырады. Кеден қызметкерлері кеден декларациясындағы барлық тармақтары бойынша ауызша сұрақ алушы жүргізеді, бұл ретте қажет кезінде таңдау ретінде кедендік бақылауды жүзеге асыра отырып , өз қолымен және жеке нөмірлік мөрімен кеден декларациясындағы жазуды күәлендіреді. "Кедендік бақылаудың жеңілдетілген жолағында"

рентген-теледидар қондырғылары мен кедендік бақылаудың басқа да техникалық құралдары көмегімен қол жүгін тексеру міндettі түрде жүргізіледі.

"Кедендік бақылаудың женілдетілген жолағымен кеден шекарасы арқылы өтетін жеке тұлғаның белгілеген нормалардан артық тауарларды, валютаны және құндылықтарды өткізіп отыр деуге жеткілікті негіздер бар делінген жағдайда кеден органының қызметкері аталған заттарды жасырып қоймайтын кезінде сол тұлғаны "Кедендік толық бақылаудың жолағына" жіберуге құқылышы.

## КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУДЫҢ ТОЛЫҚ НЫСАНЫ

Кедендік бақылаудың толық нысанымен Қазақстан Республикасы кеден шекарасын өзімен бірге немесе алып жүретін қол жүгінде шектелген немесе әкелуге (әкетуге) тыйым салынған не Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгілеген нормаларынан артық тауарлары, валютасы және құндылықтары бар не Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес кеден баждары мен салықтарын төлеуге жататын тауарлары бар жеке тұлғалар өткізіледі. Әкелінетін 5 мың АҚШ долларынан артық сома үшін Қазақстан Республикасының кеден мекемесі жеке тұлғаға ТС-28 нысанындағы сертификатты береді. Қазақстан Республикасы кеден шекарасын осылайша кесіп өту жолағы "Толық кедендік бақылаудың жолағы" делініп белгіленсін.

"Толық кедендік бақылаудың жолағымен" жүретін тұлғалар заттарын, валютасын, құндылықтарын, сонымен қатар жеке мақсаттарына өткіzetін тауарларын мәлімдеп, Т-6 нысанындағы кеден декларациясын толтырады, Кеден баждары мен салықтарын төлеуге жататын тауарлар тауарларды өткіzetін тұлғаның Өтінішінде декларацияланады. Мұндай Өтініш кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау мақсатында кеден декларациясы ретінде қаралады. Кеден инспекторы кеден декларациясының барлық тармақтары бойынша ауызша сұрақ алудан соң қол жүгін тексеруді, валюта мен құндылықтарды бақылауды жүзеге асырады.

Кеден бажын төлеу мүмкіндігі болмаса тауар ТС-20 түбіртегімен сақтауда қалдырылады не әкету кезінде иесіне қайтарылады.

Алып жүрілмейтін қол жүгі бар тұлға Қазақстан Республикасы кеден шекарасын кесіп өтерде Т-6 кеден декларациясында көрсетілген қол жүгінің орын сандарын міндettі түрде көрсетеді. Кеден қызметкері куәлендірілген кеден декларациясын жеке пайдалануы үшін әкелінген заттар мен тауарлардың мөлшері туралы толық белгілер жасап, алып жүрілмейтін жүгі бар тұлғаға береді. Аталған тұлға алыс жүрілмейтін қол жүгін алған кезде куәлендірілген кіру декларациясын ұсынуы тиіс.

Он алты жасқа толмаған тұлғалар алып жүретін тұлғаның Т-6 кеден

декларациясына жазылады. Валюталық операцияларды жүргізудің Ережелерімен анықталынған және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасы бекіткен Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы валютаны өткізуіндегі жеңілдік тәртібі он алты жасқа толмаған тұлғаларға да қолданылады.

Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасына әкелуге, Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған хаттар ТС-20 түбіртегімен ұсталауға жатады.

Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағы арқылы әкелуге (әкетуге), транзитпен өткізілуге тыйым салынған заттарды жеке тұлғалар өткізетін жағдайда мұндай заттар ұсталуға жатады және кедендей бақылауды жүргізген лауазымды адам кеден ережесінің бұзылғандығы туралы құжаттаманы жүргізіп, нәтижелері жөнінде кеден органы басшыларына хабарлап айтуда міндетті.

Қазақстан Республикасы кеден шекарасын кесіп өтетін және "кедендей бақылау аймағында" болған тұлғалардың кеден ережелерін бұзғаны немесе контрабанда жасағаны анықталатын кезде қызметкерлер материалды алғашқы ресімдеуді жүргізеді, атап айтқанда:

1 - кеден ережелерінің бұзылғандығы туралы хаттама жасалады, ал жеке тексеруді жүргізген кезде жеке тексерудің хаттамасы (N 2 қосымша) жасалынады;

2 - тұлғалардан жазбаша түсінік алынады;

3 - тәртіптің бұзылуын анықтаған кеден қызметкерінің рапорты жасалынады;

4 - алынған заттардың тізбесі жасалынады.

Қазақстан Республикасының кеден

шекарасы арқылы өткізу пункттерінде  
мемлекеттік кедендей бақылау  
жасаудың тәртібі туралы нұсқауға  
N 1 қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕКАРАСЫН КЕСІП ӨТЕТІН  
АЗАМАТТАРДЫҢ Т-6 НЫСАНЫНДАҒЫ КЕДЕН ДЕКЛАРАЦИЯСЫН  
ТОЛТЫРУЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРИ

Қазақстан Республикасына келетін немесе Қазақстан Республикасынан кететін жеке тұлғалар кеден органы қызметкерлеріне Т-6 нысанындағы декларациясын ұсынады. Қазақстан Республикасы кеден шекарасынан өтетін тұлғаның тегі, есімі, әкесінің есімі, азаматтығы және кеден декларациясы бланкіндегі тармақтарға сәйкес басқа да мәліметтер нақты көрсетілетін кеден декларациясын жеке тұлғаның өзі толтырады. Бұл ретте Т-6 нысанындағы кеден декларациясының нақты тармағында көрсетілген заттың бар не жоқтығы I-VII тармақтарында "Жоқ" не "Бар" деген жазумен белгіленеді.

IV және V тармақтарында валюта тиісті жолға жазылуы қажет. Инспектор "әріппен жазу" бағанында алғашқы сөздің бірінші әрпі бас әріппен жазылуын қадағалауға міндетті, мәселен: 1400 (Бір мың төрт жүз), 140 (бір жүз қырық), одан соң валюта атауымен бірге жазуды қорғауға және мөрдің төменгі шеті қоршалған жазудың төменгі сзығына тұра келетіндей етіп мұны жеке нөмірлік мөрімен бекітуге міндетті. Бұл ретте валюта бойынша әр жазу (оның ішінде теңге де) жеке нөмірлік мөрімен бекітілуі тиіс. Аса бағалы металдар, тастар мен басқа да құндылықтар бойынша жазуды кедендік ресімдеудің тәртібі де осыған ұқсас.

Т-6 нысанындағы кеден декларациясында жеке тұлғаның қолы міндетті түрде керек.

Т-6 нысанындағы кеден декларациясының теріс бетінде, "Кеденниң ерекше белгілері" тарауында жеке тұтынуы үшін заттар мен тауарларды өткізетін жеке тұлғалар олардың атауларын, мөлшерін, ұлгілерін, өлшемдері мен құнын көрсетеді.

Тауарлардың өндірістік немесе өзге де коммерциялық қызметке арналмағандығын растау міндеті тауарларды өткізетін тұлғага жүктеледі.

## N 2 қосымша

### ЖЕКЕ ТЕКСЕРУДІҢ ХАТТАМАСЫ

199 \_\_ ж. "\_\_\_"  
(елді мекеннің атауы)

(тексеру жүргізген тұлғаның лауазымы, атағы мен тегі)

куәлер ретінде шақырылғандардың қатысуымен:

1. \_\_\_\_\_  
(тегі, есімі, әкесінің есімі мен мекен-жайы)

---

2. \_\_\_\_\_

(тегі, есімі, әкесінің есімі мен мекен-жайы)

---

(Қажет болса) маманның (медицина қызметкерінің) қатысуымен

---

(тегі, есімі, әкесінің есімі, жұмыс орны мен лауазымы)

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 211, 212 баптарының талаптары сақталып, тұлғаны:

---

(тегі, есімі, әкесінің есімі, туылған жылы, тұрғылықты

жері)

жеке тексеруді жүргізді.

Күәлерге және тексерілген адамға құқықтары түсіндірілді.

Жеке тексеру басталар алдында тұлғаға Қазақстан Республикасы зандарын бұзғандығының объектілері болып табылатын, өз бойында жасырып қойған тауарларды (заттарды) беру ұсынылды, бұған соңғысы былай деп мәлімдеді:

---

Бетіне \_\_\_\_\_

---

киген.

Жеке тексерген кезде тұлғадан табылып алынды.

---

(алынған заттар мен құжаттардың жеке белгілері, анықталған

---

орындары мен жағдаяттары сипатталатын тізбесі)

---

Жеке тексеру кезінде жасалынған шағымдар мен ескертпелер: \_\_\_\_\_

Хаттама оқылды, дұрыс жазылды:

Күәлер: 1. \_\_\_\_\_ 2. \_\_\_\_\_  
(қолы) (қолы)

Маман: \_\_\_\_\_  
(қолы)

Ұсталған: \_\_\_\_\_  
(қолы)

Жеке тексеруді \_\_\_\_\_ жүргізді.  
(қолы)

Жеке тексеру хаттамасының көшірмесін \_\_\_\_\_ алдым.  
(қолы)

Жеке тексеру кезінде алынғандар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

берілді.

Алдым \_\_\_\_\_  
(қолы)

Бердім \_\_\_\_\_  
(лауазымы, атағы, қолы, тегі)

199 \_\_\_\_ ж. "\_\_\_\_"

Жеке тексеру кезінде алынғандар \_\_\_\_\_

маған қайтарылды.

Тұлға \_\_\_\_\_  
(қолы)

Бердім \_\_\_\_\_  
(лауазымы, атағы, қолы, тегі)

199 \_\_\_\_ ж. "\_\_\_\_"

ЕСКЕРТУ: Хаттама екі данада жасалынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК